



№102(9175)

26 желтоқсан

сенбі

2015 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш

Жаршысы



ЕЛ ТЫНЫСЫ

31 ЖЕЛТОҚСАН ДЕМАЛЫС КҮНІ БОЛЫП ӨЗГЕРЕ МЕ?



ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіндегілер Қазақстанда 31 желтоқсан қандай жағдайда демалыс күні болатынын түсіндірді, - деп хабарлайды TengriNews.kz тілшісі. TengriNews.kz тілшісінің сұрағына жауап берген вице-министр Біржан Нұрымбетов бұл мәселені қарастыруға қоғамдық бастаманың қажет екенін мәлімдеді.

«Бізге мереке күндері арнайы Заңмен реттеледі. Ол Заң бойынша, біздің елде мереке күндері болып 1 және 2 қаңтар саналады, сондықтан, егер біздің қоғамымызда да календар бұл мәселені қарастыруға болады. Қазіргі таңда 1 және 2 қаңтар ғана - демалыс. Бірақ, бұл мәселені қарастыруға болады, нәтижесі жөнінде айта алмаймын. Бірақ бұл жағдайда - біз ұжымдық-келісімдік қарым-қатынас, басшылықтың қызметкерлерге деген қатынасы туралы айтатын болсақ және сіз мұны қоғамның бір мүшесі ретінде айтып тұрсаңыз, 31 желтоқсанда үйге барып, салат жасау керек деген ойды басшылық та ойлайды деп есептеймін. Барлық кәсіпорында бұл мәселе тәжірибелік тұрғыда шешіледі. Егер заңнамалық тұрғыда айтатын болсақ, оған Заңмен тыйым салынған деп айта алмаймын. Егер тиісті ұсыныстар болып жатса, қарастыруға болады. Бастаманың түскені қажет, содан кейін мәселе талқыланып және одан кейін ғана теориялық тұрғыда белгілі бір заңнамалық норманың пайда болуы мүмкін», - деді Нұрымбетов.

Парламент Мәжілісінің депутаты Ирина Аронованың айтуынша, егер ол бастама кеңінен талқыланып, логикалық жалғасын тауып жатса, ол алдағы уақытта төменгі палатаға келіп түсе алады және оны халық қаулауылары заңнама деңгейінде қарастырып, белгілі бір нормалар арқылы шешім қабылдай алады.

«Бұл мүмкіндік қазір бизнес кәсіпорындарында ұжымдық келісім арқылы жүзеге аса алады, оған белгілі бір келісімдер тыйым да сала алмайды», - деп түсіндірді депутат.

ҚР Кәсіподақ Федерациясы төрағасының орынбасары Гүлнәр Жұмагелдиеваның айтуынша, рәсімде да кейбір кәсіпорындарда 31 желтоқсанның демалыс күні деп жариялау тәжірибе жүзінде бар.

«Ұжымдық келісім арқылы 31 желтоқсанды демалыс күні деген норманы бекіту өкінішке қарай, әлі кеңінен таралмаған», - деді Жұмагелдиева.

Айта кетейік, қазақстандықтар Жаңа жыл мерекесін төрт күн тойлайды. «ҚР мерекелері туралы» Заңына және еңбек заңнамасына сәйкес, мемлекеттік және ұлттық мерекелер демалыс күні болып есептеледі. Сонымен қатар, егер мереке атап өтілетін күн демалысқа сәйкес келсе, ол күндер бір күнге ұзартылады.

2016 жылы 1 және 2 қаңтар мереке күндері жұма және сенбіге сәйкес келеді. Сондықтан, 4 қаңтар - дүйсенбі демалыс күні болып есептеледі. Қазақстандықтар 5 қаңтарда жұмысқа шығады. 6 қаңтар да жұмыс күні. Осыдан кейін бізді тағы бір демалыс күні күтіп тұрады. 7 қаңтар Рождество мерекесі атап өтіледі. Заң бойынша, бұл күн де демалыс күні болып есептеледі.

«ЭКСПРЕСС-АМУ1» БАЙЛАНЫС СПУТНИГІМЕН «ПРОТОН-М» ЗЫМЫРАНЫ ҰШЫРЫЛДЫ



«Экспресс-АМУ1» ғарыштық байланыс аппаратымен «Бриз-М» ұдету блогы «Протон-М» зымыран-тасығышының үшінші сатысынан ойдағыдай бөлініп, ұшудың суборбиталық траекториясына шықты», деп хабарлады ТАСС-қа Ресейарыштан.

«Тасуды минуттарда ұдету блогы спутникті мақсатты орбитаға жеткізу үшін двигателі қондырғысын іске қосады», деді ғарыш агенттігінің өкілі.

Байқоныр ғарыш аялғанынан «Протон-М» зымыран-тасығышы 25 желтоқсанда астана уақытымен 03:31-де ұшырылды. Бұл жыл басынан бергі 18-ші және оны аяқтайтын Байқоныр ғарыш аялғанынан ұшырылған зымыран-тасығыш. Әуелде ұшыру 24 желтоқсанға белгіленген болатын, бірақ та ғарыш аялғандағы күшті желдің салдарынан бір тәулікке кейінге қалдырылды.

«Экспресс-АМУ1» спутнигін еуропалық Astrium концерні жаса шығарған. Аппарат ұшыру салмағы 5,9 тоннадай 70 транспондерлерді көтере алады. Ол шығыстық бойлықтағы 36 градустық нүктеде геостационарлық орбитада орналасады.

Спутник Ресей, Еуропа және Африкадағы Сахараның оңтүстік жағы аумағында қызмет көрсетеді. «Экспресс-АМУ1» 15 жыл бойы пайдаланылады.

БРИФИНГ

СЫР Өңірінде серпіліс бар

ҚЫЗЫЛОРДАДА БІРҚАТАР ЗАУЫТ ҚҰРЫЛЫСЫ КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ КЕШЕ ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БРИФИНГТЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВ МӘЛІМ ЕТТІ.

«2016 жылы Қызылорда қаласының индустриалдық аймағында ферроқорытпалар, асфальт бетонын, силикат кірпіш, сонымен қатар тампонажд цемент шығаратын зауыт құрылыстары басталады. Ферроқорытпалар зауытының құны 253,2 млн. долларды құрайды. Біз немістің «ICMD» компаниясымен бірлесіп, кешенді қорытпаларды жүзеге асыру бағытында жұмыс істеудеміз. Техникалық-экономикалық негіздемесі қазірдің өзінде дайын, инфрақұрылымы жүргізілген», - деді өңір басшысы.

Оның атап өтуінше, кәсіпорын жылына 160 мың тоннаға дейін құрамында алюминий аз ферросилиция өндіретін болады.

«Ферросилиция темірді балқытуды жақсарту түсетіндігі белгілі. Зауыт отандық ғалымдар әзірлеген инновациялық технологиялармен жұмыс істейді», - деді Қ.Көшербаев.

Қызылорда облысының бүлдіршіндері 100 пайыз балабақшамен қамтамасыз етілді.

«Өздеріңізде білетіндей, Мемлекет басшысы Үкіметке, облыс әкімдеріне бірнеше тапсырма берген болатын. Оның біріншісі - үш ауысымдық мектептер проблемасын жою. Бұл мәселені біз өткен жылы шештік. Қызылорда облысында үш ауысыммен білім беретін мектеп 2014 жылдан бастап жоқ», - деді Қ.Көшербаев.

Облыс әкімінің айтуынша, Елбасы жүктеген екінші тапсырма – 2020 жылға дейін мектеп жасына дейінгі балаларды 100 пайыз балабақшамен қамтамасыз ету.

«Біз бұл проблеманы ағымдағы жылы шештік. Бұған қоса, балабақшалар мен шағын орталықтардың басым бөлігі, 405-і мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыратын жеке меншік балабақша мекемелері. Яғни, осынау үлкен әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға бизнес белсене қатысуда», - деді өңір басшысы.

Өңірдегі мұнай компанияларына тек мұнайға арқа сүйеуіне кеңес берді.

Қызылорда облысындағы мұнай компаниялары тек мұнайға ғана «арқа сүйеп» отыра бермеуі тиіс.

«Мұнайшылардың қысқартуға ұшырауына қатысты айтар болсам, бізде бұл салада сервистік компанияларды қоса алғанда 29 мың адам жұмыс істейді. Өндіру көлемі екі есеге қысқарып кетті», - деді өкім.

Осы ретте ол 29 мың адамның әрқайсысының отбасында 5 адамнан бар деп есептесек, мұнай саласы 145 мың адамның әлеуметтік әл-ауқатына тікелей әсер ететіндігін атап өтті.

«Сондықтан да біз барлығымен меморандумдарға қол қойдық. Жұмыс уақытын қысқартуға болғанымен жұмысшыларды қысқартуға жол жоқ», - деді Қ.Көшербаев.

Оның атап өтуінше, ағымдағы жылы облыста 900 адам қысқартуға ұшыраған. Бірақ, өңірде ағымдағы жылы 11 мың, оның ішінде 8700 мың тұрақты жұмыс орындары құрылған.

АКТИВ



Жыл қорытындысы сараланды

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 23 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АУДАН АКТИВІНІҢ ЖИЫНЫ БОЛЫП ӨТТІ.

Жиынды ашып, сөз сөйлеген аудан әкімі Т.Дүйсебаев алдымен актив құрамын алдағы жаңа жыл мерекесімен құттықтап, жыл бойы атқарылған жұмыстар барысында зор жауапкершілік танытқандары үшін алғысын білдірді.

Талғат Тұрсынұлы биылғы жылдың қорытындысы бойынша барлық бағыттағы жоспарлы жұмыстар өз деңгейінде атқарылғанын, өткен жылдармен салыстырғанда көрсеткіштер көңілден шығатынын атап өтті. Сондай-ақ, орындалмай тұрған жоспардың (негізгі қорға тартылған инвестиция көлемі) объективті себебін тоқталды. Аудан бюджетінің атқарылу болжамын нақтылап, бұл бағытта жауапты сала, бөлім басшыларына қосымша тапсырмалар берді.

Актив отырысының күн тәртібімен таныстырған аудан әкімі, аудандағы кадрлық өзгерістерден хабардар етті. Атап айтсақ, аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Қ.Қобландын облыс орталығына, жаңадан құрылған жергілікті полиция қызметі басшылығына тағайындалып отыр. Аудан әкімі

Қалижан Жәнісбекұлын жаңа қызметімен құттықтап, аудандағы абыройлы еңбегі үшін «Жалағаш ауданының Құрмет грамотасымен» марапаттады. Өз кезегінде Қ.Қобландын ауданда бірге қызметтес болған актив құрамына алғысын білдіріп, алдағы уақытта да аудандық ішкі істер бөлімінің күрделі мәселелерін шешуде өз тарапынан қолдау танытатынын жеткізді. Сондай-ақ қазіргі таңда аудандық ішкі істер бөлімі сала бойынша барлық көрсеткіштен алдыңғы қатарда тұрғанын атап өтті.

Жалағаш ауданының прокуроры Х.Жұмағұлова, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Әлиев сөз кезегін алып, Қ.Қобландын ауданда атқарған жұмысына алғыс білдіріп, алдағы қызметіне табыстар тіледі.

Актив отырысының күн тәртібінде аудан бюджетінің игерілуіне қатысты ағымдағы мәселелер қаралды.

Ғ.ӘБІЛДА, М.АХМЕТОВ (сурет).

балықшылардың барлығы да қайтып келді. Экспорт көлемі 3,6 есеге өсті. Арал теңізінде балықтың 22 түрі оралды», - деді Қ.Көшербаев.

2016 жылы Қызылорда облысы толық газдандырылады.

«Біз ағымдағы жылдың ішінде Арал қаласын Қазалы ауданына қарасты Өйтеке би, Шиели, Жаңақорған және Қызылорда төңірегіндегі бірқатар елді мекенге газ жүргіздік. Биыл «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-мен бірлесіп, жалпы сомасы 23 млрд. теңгені құрайтын жобалар жүзеге асырылды», - деді облыс басшысы.

Оның атап өтуінше, келесі жылы өңірдің елді мекендерін газдандыруға 10,5 млрд. теңге қаржы бөлінетін болады.

«2016 жылы Жаңақорған, Төренөзек, Жалағаш және Қызылорда қаласында қалып отырған 120 тұрғын үйге газ жүргізуді жоспарлап отырмыз. Осылайша, біз негізгі елді мекендерді газбен жабдықтау жұмыстарын аяқтайтын боламыз», - деді Қ.Көшербаев.

Қызылорда облысы дағдарысқа қарамастан индустриалық жобалардан бас тартпайды.

«Сын-қатерлерге қарсы жалғыз дұрыс реакция бұл экономиканы әртараптандырудағы қарқынды жұмыстар екендігіне сенімдімін. Бұл – біздің дағдарысқа жауабымыз. Сондықтан да біздер бұған дейін Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте хабарлаған жобалардың бірде бірінен бас тартпаймыз», - деді өкім.

Өңір басшысының айтуынша, Қызылорда облысында соңғы 3 жылда өңдеу өнеркәсібі 122,2 пайызға өсті.

«Республика бойынша орташа көрсеткіш 102,5 пайызды құрайды. Егер өңдеу секторындағы өсім үлесі бізде 2012 жылы жалпы ішкі өнімнің 4,5 пайызын құраса, бүгінде 13,5 пайызға жетіп отыр. Бұл – өңір экономикасын шынайы әртараптандыру жүргізіліп жатқандығын білдіреді, экономика құрылымы да өзгеруде», - деді Қ.Көшербаев.

Сонымен қатар, ол Елбасы Н.Назарбаевтың 10 жылда өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін 2 есеге арттыру туралы тапсырма жүктегенін атап өтті.

«Біздер соңғы 3 жылдың ішінде өнеркәсіп деңгейін 4,5 есе көтере алдық», - деді облыс әкімі.

Қазақстан мен Қытай мұнайшылары жалақысында сәйкессіздік орын алып отырған жоқ.

«Қазақстандық және қытайлық мұнайшылар арасында жалақыға байланысты сәйкессіздік орын алып отырған жоқ. Проблема болған, бірақ біз облыстық прокуратурамен бірлесіп тексеріп, барлық сәйкессіздіктерді жойдық», - деді өңір басшысы БАҚ өкілдерінің сауалына орай.

Сонымен қатар облыс әкімі жалақы төлеу мәселесіне де тоқталып өтті. Оның айтуынша, «Миг-21» ЖШС банкроттық процедурасынан өтуіне байланысты жұмысшылары алдында 4,6 млн. теңге қарыз болып отыр.

«Біз бұған дейін де бірнеше мәрте жұмыс берушілерге: «Тіпті кәсіпкерді сатсаң да жалақыларын қайтарыңдар. Өйткені, бұл - олардың еңбекпен тапқан ақшасы» деп айтқан болатынбыз», - деді Қ.Көшербаев.

СЕССИЯ

Аудандық мәслихаттың жаңа жұмыс жоспары

Бесінші шақырылған аудандық мәслихаттың 49-шы сессиясының күн тәртібіне он екі мәселе ұсынылды. Алғашқы мәселе үш мәселе бойынша, атап айтқанда «2016-2020 жылдарға арналған Жалағаш ауданының даму бағдарламасын бекіту туралы», «2016-2018 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы» және «2011-2015 жылдарға арналған Жалағаш ауданының даму бағдарламасын бекіту туралы», «аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 6 сәуірдегі №40-2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Ж.Баймаханованың хабарламалары тыңдалып, талқыланды. Хабарлама барысында ауданымызда алдағы жылдары іске асырылатын жобалар айқындалып, депутаттардың талқысынан өтті.

Әлеуметтік нысандарды күрделі жөндеуден өткізуге байланысты, сондай-ақ көшелерді жөндеуге қатысты депутаттар тарапынан бірқатар пікірлер айтылып, аудандық мәслихаттың алдағы жұмыс жоспарына енгізу жөнінде келісілді.

Келесі кезекте «Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы К.Сүлейменовтың есебі туралы», «Жалағаш аудандық мәслихатының 2016 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы», «Жалағаш ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы Ережені бекіту туралы» және «Жалағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» мәселелер бойынша аудандық мәслихат хатшысы К.Сүлейменов хабарлама жасап, сессия қарауына ұсынды.

Бұл орайда аудандық мәслихаттың алдағы жұмыс жоспарына байланысты депутат Д.Баймахановтың, Жалағаш ауданының «Құрмет грамотасын» және «Құрметті азаматы» атағын беруге байланысты депутаттар Р.Алиева, М.Құлболдиевтердің ұсыныстары назарға алынды.

Күн тәртібіндегі 8-ші мәселе – «Жалағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне сайлау комиссияларын сайлау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» сайлау комиссияларын сайлау жөніндегі аудандық мәслихаттың жұмысшы тобының төрағасы М.Еспанов, 9-шы мәселе – «Жалағаш ауданын басқару схемасын бекіту туралы» аудан әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы Ғ.Жаңашев, «Жалағаш аудандық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу» аудандық жұмыспен қамту және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Ө.Құттымбетовалар хабарлама жасады.

Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясының қарауына ұсынылған – «Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы» атағын беру туралы» мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары, аудан әкімі жанындағы марапаттау комиссиясының төрағасы Ж.Тажмаханов хабарлама жасап, марапаттау комиссиясының қорытынды шешімін жариялады. Бұл шешімді депутаттар түгел құптады.

Сессия төрағасы Б.Бекжанов сессияны қорытындылай келе, аудан басшысына сөз кезегін ұсынды.

Аудан әкімі Т. Дүйсебаев жыл бойы бірлесіп атқарған жұмыстардың нәтижесінде, аудан бюджетінің жоспарға сай орындалып, басты мәселелер шешімін тапқанын атап өтті. Бұл тұрғыда елмен етене араласып, орынды ұсыныстар енгізіп, игілікті істерге қолдау танытқан депутаттарға алғысын білдірді. Сонымен бірге алдағы жылдарға жоспарланған жобаларды жүзеге асыру барысында халықтың өкілі ретінде белсене үлес қосуға, сындарлы кезеңдегі жауапты жұмыстарды бірлесіп атқаруға шақырды.

Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы болып депутат М.Құлболдиев сайланды.

Ғазиза ҚОЗЫБЕКҚЫЗЫ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУЛАР

2015 жылдың қаңтар-қараша айларында 21 отбасының 112 мүшесіне 1798,1 мың теңге атаулы әлеуметтік көмек, 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысы 803 отбасының 2695 баласына 39990,9 мың теңге, 103 отбасының 465 мүшесіне 2054,3 мың теңге тұрғын үй көмегі тағайындалып, төленді.

8 естімейтіндігі бойынша мүгедектерге 2 ымдау тілі маманы, жүріп-тұруы қиын 1 топтағы 69 мүгедекке 65 жеке көмекші қызмет көрсетуде.

2015 жылдың 1 желтоқсанына үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалары бар 57 отбасына оқу құралдары үшін 1709,5 мың теңге материалдық көмек көрсетілді.

Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде, өңірге қажет мамандықтар бойынша аз қамтылған (нысаналы) отбасылардан шыққан 21 студентке білім беру қызметіне 8870,3 мың теңге әлеуметтік көмек төленді.

Мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезден емделудің сүйемелдеу сатысындағы азаматтарға 2015 жылғы 1 желтоқсанға 24 азаматқа қосымша тамақтануға 3295,0 мың теңге (2015 жылға қаралған қаржы 4281,0 мың теңге), гемобластоздар мен апластикалық анемияны қосқанда гематологиялық аурумен ауырған диспансерлік есепте тұратын 2 балаға дәрі-дәрмектер алуға 241,0 мың теңге (2015 жылға қаралған қаржы 362,0 мың теңге) әлеуметтік көмек төленді.

Облыстық мүгедектерді оңалту орталығына баруға өтініш білдіргендерден ағымдағы жылдың 11 айында 188 адам жолдамамен жіберілді. (431 мүгедектер мен 1451 зейнеткер).

ҚОҒАМДАСТЫҚ

Жанаталап ауылдық округі әкімі аппараты Жалағаш ауданы, Жанаталап ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысын өткізілетіндігін хабарлайды.

Күн тәртібі: «Жанаталап ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің есеп шотындағы қаражатты бөлу туралы.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілетін уақыты мен орны: 28.12.2015 жыл. Сағат 10.00-де Жалағаш ауданы, Жанаталап ауылы, ауылдық клубы.

ТҮРҒЫН ҮЙ АЛУ КЕЗЕКТІЛІГІНІҢ ТІЗІМІ

2015 жылғы 22 желтоқсанға Жалағаш ауданы бойынша жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үй алу кезегінің тізімі

Кезек-тілік нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты
1	Қартанбай	Гүлтайым	Жаналықұлы
2	Сағарай	Нұржанат	Серікұлы
3	Жанабай	Ержан	Мирамбекұлы
4	Баекеева	Рысқұл	Болатқызы
5	Үсен	Мақсат	Маратұлы
6	Нұрпейіс	Өлгерім	Алтынбекұлы
7	Жүніс	Меруерт	Сәрсенқызы
8	Түменғали	Самат	Темірханұлы
9	Шілдебай	Нұрлан	Жанжігітұлы
10	Күрешбаев	Бағдат	Нұрланұлы
11	Әбдібек	Қуаныш	Мұратұлы
12	Салимова	Жибек	Ерзатқызы
13	Сұлтанов	Жолдасбек	Нұрлыбекұлы
14	Бекбергін	Рауан	Ғалымжанұлы
15	Қартанбай	Бекүлпан	Жаналықұлы
16	Кетібай	Жансая	Серікқызы
17	Ыбыраш	Гүлфара	Зейноллақызы
18	Ерсітай	Айжан	Аманжол
19	Қуанышбаева	Алтынқұл	Омаровна
20	Шілдебай	Еркебұлан	Аманжолұлы
21	Шілдебай	Гүлзахира	Аманғалиқызы
22	Ахет	Нұрболұлы	Мадиярұлы
23	Батырбек	Жансаят	Батырбекқызы
24	Сәрепті	Акерке	Өксербекқызы
25	Жанаберген	Қуаныш	Талғатұлы
26	Табынбай	Адалбек	Жарықбекұлы
27	Төрмұратова	Гүлжайна	Жанашқызы
28	Үсербаева	Таңсамап	Жанашқызы
29	Үсербаева	Хабиболла	Хабиболла
30	Мәден	Гүлзия	Есенғалиұлы
31	Манабай	Мақсат	Есенғалиұлы
32	Бекенов	Арман	Алмасұлы
33	Сугирова	Динара	Еділханұлы
34	Өмірсерік	Аманжол	Аманжолұлы
35	Барпыбай	Айым	Бекбергінқызы
36	Ғыныштықов	Батыржан	Болатұлы
37	Ауабаирова	Айгерім	Айгерім
38	Жұмахан	Қарлығаш	Жұмаханқызы
39	Нұрманова	Инабат	Ерболқызы
40	Баймағанбет	Жанәгул	Ерболқызы
41	Арисбаева	Бахитқұл	Мишетбаева
42	Қарисбаева	Минажол	Минажолқызы
43	Тұрмаханова	Гүлжан	Дүйсенқызы
44	Мусаева	Сәулпе	Сәулпе
45	Серікбай	Жанерке	Шаймағанбетқызы
46	Нүрисев	Нұрсұлтан	Нұрсұлтан
47	Кенкебаева	Айжан	Абдиганиевна

2015 жылғы 22 желтоқсанға Жалағаш ауданы бойынша халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарына жататын азаматтардың тұрғын үй алу кезегінің тізімі

САПАЛЫ БІЛІМ – ОҢДЫ НӘТИЖЕ

“ЖІЛТҒЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛТЕЛІЛІГІ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ОНЫҢ БІЛІМДІЛІК ДЕНГЕЙІМЕН АЙҚЫНДАЛАДЫ”
Н.Ә.НАЗАРБАЕВ.

Аудан шаруашылықтарына жұмысшы кадрларын дайындап отырған Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжді ұжымы өскелең өмір талабымен үлкенісе отырып, студенттерге мамандық негізінде сапалы білім, сапалы тәрбие беру мақсатында жаңаша шығармашылықпен жұмыс жасауда.

Былғы оқу жылында да әдеттегідей Қазақстан Республикасындағы Тілдер күні мерекесімен басталған іс-шаралар өз жалғасын тауып, әдістемелік кабинетінің жоспарына сәйкес «Жалпы білім беретін пәндер» бірлестігінің «Жаңаша оқыту – жетістік көзі» атты апталығына ұласты.

Жаңа педагогикалық технологияларды сабақ үрдісінде қолдану нәтижесінде білім сапасын арттыру, мұғалімдердің шығармашылық оқтасын қалыптастыру және кәсіптік шеберлігін шыңдау мақсатында, мұғалімдер жаңа технологиямен сабақтар өткізді.

Пән оқытушылары: Ғ.Еспанова, С.Акисаева, Г.Тұрсынбаева, Р.Елібаева, Р.Атаулиева, Ә.Бақтыбаев, П.Жүнісөвалар атта бойынша жоспарланған іс-шараны студенттерді қамти отырып қызығушылығын оятып, таланттарын ашуға, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тіл, шет тілінің сарқылмас қазына екендігін білуіне мол үлестерін қосты.

Студенттер әр шараға ерекше құлшыныспен, үлкен жауапкершілікпен қарап, ынта-қыласпен қатысты. Былғы жылы туғанына 170 жыл толған қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың шығармашылығына арналған «Абай-дана, Абай – дара қазақта» атты танымдық-әдеби кеште студенттер Абайдың өлеңдерін оқып, өндерін шырықп және өз шығармашылықтарынан Абайға арнаған өлеңдерін оқыды. Ұлы ақынның өзі өлсе де, артына қалдырған өлмейтін сөздері тыңдармандарға айрықша сезім мен көңіл-күй сыйлады.

Ал «Тілім менің – тірлігіміңн айғағы» атты монолог оқу сабысында өнер көрсеткен студенттер өздерінің жаңа талаптарымен танылып, жүзделі орындар иеленді. Атап айтар болсақ, №89 топ студенті Г.Аманбабаева жүзделі I орын, №89 топ студенті Г.Өбжан II орын, №76 топ студенті З.Уәли II орын және III орындарды иеленген №89 топ студенттері А.Нұрғали мен Д.Ортай. Сонымен қатар туған тіл – ана тіліміз бен ресми тіл – орыс тілі және ағылшын тілінен білімдерін толықтыратын «Сөз мерген» топаралық сайысында да студенттер өз білімдерінің жан-жақтылығын көрсете білді.

Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілі пәні оқытушылары үш тұғырлы тілді басшылыққа алып ашық сабақтарды үш тілде өткізді.

Тілдер апталығынан соң тарих, география пәндерінің апталығы болды. Қазақ елі болып тойлап жатқан Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Хандықтың мерекесі – халықтан бөрекесі» деп бастап алып, «Кенесары Қасымұлы бастаған ұлтзаттық қозғалыс», «Чехия мемлекеті» атты ашық сабақтар, «Қазақстанның Тәуелсіздігі – мәңгілік елдің тарихы» атты ғылыми-теориялық конференция, тарихи-танымдық кештер мен «Ең білгір» атты сайыстар және «Мәңгілік ел» атты плакаттар сайысымен тәмамдалды. Студенттер хандардың кеңесі туралы

РЕШЕНИЕ ЖАЛАҒАШСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

23 декабря 2015 года №49-8

О признании утратившими силу некоторых решений Жалагашского районного маслихата

В соответствии с подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года “О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан”, Законом Республики Казахстан от 24 марта 1998 года “О нормативных правовых актах” Жалагашский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Признать утратившими силу следующих решения Жалагашского районного маслихата

1) Решение Жалагашского районного маслихата от 09 апреля 2014 года №30-6 “Об установлении повышенных на двадцать пять процентов окладов и тарифных ставок специалистам в области здравоохранения, социального обеспечения, образования, культуры, спорта и ветеринарии, являющимся гражданскими служащими и работающим в сельской местности” (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за номером 4645, опубликовано в газете “Жалагаш жаршысы” от 07 мая 2014 года);

2) Решение Жалагашского районного маслихата 06 мая 2015 году специалистами здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса прибывшим для работы и проживания в сельские населенные пункты Жалагашского района” (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за номером 5009, опубликовано в газете “Жалагаш жаршысы” от 10 июня 2015 года).

2. Настоящее решение вводится в действие со дня подписания.

Председатель XLIX сессии Жалагашского районного маслихата	Секретарь Жалагашского районного маслихата
БЕКЖАНОВ Б.	СУЛЕЙМЕНОВ К.

Кезек-тілік нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты
1	Қойтбаева	Гүлдаурен	Мергенбаевна
2	Иманғалиев	Виктор	Абилович
3	Оспанова	Сандуғаш	Сегізбаевна
4	Манабаева	Салтанат	Зұлхараевна
5	Досекенова	Салтанат	Кебілжолбаева
6	Есетова	Майра	Рамашқызы
7	Есетова	Айнур	Рамашовна
8	Шаймағанбетов	Орынбек	Ақбергенович
9	Икпалова	Моншақ	Жалиевна
10	Қантаев	Қазыбек	Ақдасынович
11	Наурызбаева	Алмас	Сәуірқызы
12	Опанова	Күлжайна	Жақсығалиевна
13	Қайрабаева	Ыбайша	Аманжол
14	Уакбаева	Роза	Сериковна
15	Шонбаев	Асылбек	Сарсенбекович
16	Бимүрзаев	Батырхан	Бухарбайұлы
17	Келімағанбетов	Аманжол	Бекмаханұлы
18	Жанабай	Еркебұлан	Аманжол
19	Қудайберген	Самат	Асылбекұлы
20	Қурманқызы	Асел	Аманжол
21	Аидынабай	Сейфулмәлік	Қайырбекұлы
22	Муринбаева	Айнұр	Ахметовна
23	Қишасов	Серік	Мариновна
24	Бердиева	Нұрғұл	Сериковна
25	Тұрмаханова	Дилрабо	Мұстафаевна
26	Сугирова	Самал	Алпысбайқызы
27	Достанова	Гүлмира	Сансыбайқызы
28	Қайраева	Динара	Базарқызы
29	Дилдабаева	Бахитқұл	Орынбековна
30	Аймуратова	Уржан	Назарбаевна
31	Қарамандеева	Жазира	Пернебайқызы
32	Қосжанова	Раушан	Балтабаевна
33	Ертлеуова	Нұрғұл	Уткербаевна
34	Ертісенова	Қолпан	Асанбаевна
35	Досекбаев	Ғайт	Шаймерденович
36	Нарымбетов	Еркин	Мажитович
37	Бердиева	Өсел	Серікқызы
38	Қунтұарова	Карлиғаш	Шакиновна
39	Абсақттарова	Нұрғұл	Жақсылықовна
40	Қалиева	Мархабат	Ғынышбайбаева
41	Қадірманова	Алия	Орынбековна
42	Мырзабаева	Алтынай	Машеновна
43	Селбесинова	Данагүл	Темірхановна
44	Серикбаева	Жанар	Дүйсенбековна
45	Ааламбаева	Эльмира	Мырзабекқызы
46	Барқома	Гатьона	Омарбаевна
47	Бархатов	Қайрат	Мұратбаевна
48	Қим	Мария	Александровна
49	Жалғасбаева	Раушан	Қаушановна
50	Алиева	Айгүл	Зұлхараевна
51	Салмұрзаев	Бағдат	Жамбұлович
52	Исмакова	Айгерім	Бұржановна
53	Сейтнова	Гүлнар	Сенсінбайқызы
54	Төлеуова	Гүлшат	Әкімқұлыланқызы
55	Калыныязов	Онталап	Манерович

2015 жылғы 22 желтоқсанға Жалағаш ауданы бойынша мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің тұрғын үй алу кезегінің тізімі

Кезек-тілік нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты
1	Бахтияров	Дастан	Қадірбаевич
2	Жарылқасынова	Ғаухар	Жақсыбаевна
3	Баймаханов	Жадырбек	Абиббекович
4	Кенбаев	Нұрбек	Жақсылықұлы
5	Әбдіжанқоова	Марал	Бердалықызы
6	Алайдарова	Айгүл	Рахатовна
7	Жанибеков	Бахытбек	Таженович
8	Скендинова	Сандуғаш	Абуталиповна
9	Жубатканова	Нұрғұл	Мендүллаевна
10	Үсейнов	Қанат	Сұлтанбекұлы

ЕЛБАСЫМЫЗ Н.НАЗАРБАЕВ ЖЫЛ САЙЫҒЫ ЖОЛДАУЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРЫП, ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ЖАҚСARTYҒA АЙРЫҚША КӨНІЛ БӨЛІП КЕЛЕДІ. СОҢДЫҚТАН ЖАРҚЫН ӨМІР CYРY YШІН ТЕМЕКІ, ІШІМДІКТЕН БОЙЛАРЫН АУЛАҚ САЛҒАН ЖӨН.

КӨКӨНІС ӨНІМДЕРІНІҢ, ҚҰРАМЫНДАҒЫ НИТРАТ ҚАЛДЫҒЫНЫҢ, АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

Халықты сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету – қазіргі таңдағы үлкен мәселелердің бірі. Соның ішінде көкөністер мен бақша өнімдерінің құрамындағы нитрат қалдығының адам ағзасына тігізетін әсері өте көп. Нитрат дегенімздің өзі-азот қышқылдарының тұздары. Өсімдіктер бұл заттарды түбірі арқылы қабылдайды. Оларға биологиялық қажетті элементтер ретінде керек. Егерде топыраққа көп мөлшерде тыңайтқыш қосылса, сонша өсімдік химиялық заттарды өзіне жинайды. Адамның денсаулығына зиян келтіретін нитраттардың өзі емес, ағзаға түскеннен кейін нитраттардың тотығу процесінің нәтижесінде уға айналатын нитриттер қауіпті. Ал нитриттер қанға түскеннен кейін ауа жетіспеушілігіне, асқазан-ішек құрылысының жұмысына кері әсерін тигізді, онкологиялық аурулардың пайда болуына әкеліп соғады. Сондықтан өрбір тұтынушы сатушыдан өнімнің шығу тегін, сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары болуы керек екендігін талап ете алады.

ТЕМЕКІНІҢ ЗИЯНЫ

Темекіні тұтатқаннан кейін, оның құрамындағы улы заттар, шылым шегу арқылы өкпеге енгеннен кейін денсаулыққа айтарлықтай қауіп төндіреді. Ол улы заттар, ауыз және өкпе арқылы қанмен құрамына өтеді. Бұл заттарды үш топқа бөледі: никотин, смолға (шайыр) заттары және газ. Сонымен қатар темекі түтінінде синильді қышқыл, канцерогенді және радиоактивті – никотин. Ол өкпеден қаттыауылған мүшелеріне өтеді де басқа әртүрлі органдарға жағымсыз әсерін тигізеді. Никотин-у, оны үлкен мөлшерде қолданғанда: тамыр соғуын жиілетеді, басты айналыңдарды, вестибүлірлік аппараттың жұмысын бұзады, салқын тер шығып, құсықты тудырады және адам бозарып кетеді. Никотин темекі өсімдігінен шыбын-шіркейлерден қорғалу үшін синтезделеді, сондықтан оны табиги инсектицид деп те атауға болады. Егерде қустың (торғайлар немесе көгерішшілер) тек тұмсығына ғана никотинмен суланған шыбықты апарсаңыз-ақ болғаны орап өліп қалады. Үй қояны ¼ никотин тамшысынан, ал ит ½ никотин тамшысынан өліп кетеді. Адамды өлтіруге никотин мөлшері 50-100 мг болса жетіп жатыр, немесе 2-3 тамшысы да жеткілікті. Бұндай мөлшердегі никотин 20-25 шылым тартқаннан кейін-ақ адамның қанының құрамына жиналады. Шылым шегіп жүрген адам не себептен бірден өліп кетпейді, себебі, ол сигаретті біртіндеп, ұзақ уақыт шеккендіктен тез өлуге душар болмайды. Егерде адам күніне бір қорап (пачка) темекі тартатын болса, оның өкпесіне 700 гр смолға түседі, оның құрамында 100-ге жуық әртүрлі канцерогендік заттар

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде мүгедектігі бар тұлғаларды оңалту шараларын (әлеуметтік такси) жүргізу қызметі бойынша «Жалағаш ауданы мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі қызмет көрсетуде.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы №165 бұйрығымен бекітілген «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына» сәйкес, аудан бойынша 2015 жылы 98 мүмкіндігі шектеулі адамдарға, оның ішінде 18 жасқа дейінгі 68 балаға үйден әлеуметтік қызмет көрсетіледі.

Үкіметтік емес секторда психоневрологиялық патологиясы бар балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін күндізгі бөлімшелерді ашуға және бала мен оның отбасына әлеуметтік қолдау қызметін ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша мүгедек балаларға жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мақсатында 2010 жылдың 15 мамырынан бері «Май» сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйінің Жалағаш аудандық филиалы жұмыс жасап, 2015 жылдың 1 желтоқсанына 15 мүмкіндігі шектеулі балаға сауықтыру және тәрбиелеу қызметтері көрсетіледі.

Аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі.

Кезек-тілік нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты
11	Абдиалықова	Алия	Сансыбаевна
12	Алпысбаева	Айжан	Азғанна
13	Сайранова	Самал	Маханбеталиевна
14	Иматов	Асылбек	Жеткенович
15	Пірманышаева	Майя	Жанайқызы
16	Оспанов	Руслан	Оразбаевич
17	Раушанова	Гүлнұз	Жақсылыққызы
18	Жұбатыров	Ербол	Айтбайұлы
19	Исмакова	Рая	Жолдасовна
20	Сүлейменовна	Ұрпаисын	Аңдасековна
21	Мурынбаева	Шолпан	Ахметқызы
22	Шілдебеева	Алмас	Бейбітжанұлы
23	Бисенбай	Өйгерім	Қожабайқызы
24	Қалиева	Раушан	Алтынбайқызы
25	Айпауова	Эльмира	Қуанышхановна
26	Жусупбекова	Алтынай	Аскарбайқызы
27	Еспенбет	Жасұлан	Ерданұлы
28	Қашимова	Айдана	Әбділғазиевна
29	Ергалиева	Бердібек	Балтабаевич
30	Идарисов	Дархан	Әбділғаиұлы

ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

ЕЛУ ЖЫЛДЫҚТЫ БАНДАЙТЫН ӨТКЕН КЕЗЕҢНЕН ҰМЫТЫЛА БАСТАҒАН Оқиғаларын ЕСКЕ ТҮСІРЕТІН, айдалада жаңа қоныс салып, оның қазығын қағып, үй тұрғызып, қанаңдар қазып, ауылға су өкеліп, ағаш егіп, аз ғана уақыт ішінде қазақ елінің қартасына жаңа ауыл енгізген аға бұын ұрпақ жайлы сыр шертетін бұл кітап «Қызылқұмды түлеткендер» деп аталыпты. кітапты құрастырып шығарушылар Жалағаш ауданының құрметті азаматы, поселкi ардагерлер кеңесінің төрағасы, бұрынғы жаңадария совхозының директоры біржан көштаев пен республикаға танымал журналист, қазақстан журналистер одағының мүшесі серік бертаев.

Кітап аудан әкімі Тағат Дүйсебаевтың алғы сөзінен бастау алыпты. Онда: көшегі дәуір кезінде елуынші-алпысыншы жылдары Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту, оның ішінде қой санын 50 миллионға дейін жеткізу міндеті қойылды. Мал басын өсіріп, өнімін молайту үшін шалғайдағы шөлейт жерлерді, сол жайылымдарын игеру керек болды. Соған байланысты 1964 жылы КПСС Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің «Шөл және шөлейт жерлерді игеру туралы» қаулысымен Қызылорда облысында 6 шаруашылық – Жаңадария, Аққыр, Іңкәрдария, Қуаңдария, Жаңа-қала және Қазалы ауданындағы бұрынғы қой фермасы Қызылқұм совхоздары болып құрылды. Солардың бірі – Жаңадарияның оңтүстік жағында Қызылқұм етегіндегі «Мүлкүлән әулие» деп аталатын жердің батысында орналасатын Жаңадария совхозының алғашқы ұйымдастыру жұмыстары басталып кетті. 1964 жылы қазығы қағылған совхозға алғашқы директор болып тағайындалған Жүсіп Бисариев шаруашылықтың құрылып қалыптасу кезеңінде қызмет атқарды. Бұдан кейін әр жылдары Асанбек Оспанов, Біржан Көштаев, Нәжімәдин Ысқақов, Сахи Тұрсынбаев, Балғабай Имашев, Шағанбек Төлегенов, Манарбек Еспановтар совхозға директор болып басшылық жасады.

Оқырманға жол тартқан бұл жинақта Қызылқұмда қоныс тепкен қой совхозының құрылып қалыптасу кезеңі, әр жылдары ша- руашылыққа басшылық жасаған азаматтар мен екінші тың ерлерінің елге сіңірген еңбектері баяндалады. Әрбір ауыл оқуғртерінің өткені мен бүгінгі тіршілік-тынысы жайлы осындай құнды кітаптар жазылып тұрса аудан тарихын таразылап алуға, жастарды туған жерін аялап, еңбек ету- леріне көп септігін тигізед еді. Игі істердің жалғасы бола берсін,- деп жазылыпты.

Жалпы кітап бес бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге «Ауыл тарихын таразыласақ» деген тақырып қойылыпты.

Бұл бөлімде Қазақ ССР Министрлер Советінің 15 қараша 1963 жылғы №90 қаулысымен және облыстық Советі атқару Комитетінің 11 желтоқсан 1963 жылғы №2-460 шешімімен Жаңадария совхозының құрылғандығы баяндалады.

Совхоздың жалпы жер көлемі 11226 гектар, жайылымдылық жері 3439 гектар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жері 3485 гектар болған.

Ауылдың алғашқы қазығын қағуға қатысқан, ұзақ жыл совхоздың бас экономист қызметін атқарған Қойшыбай Райымбековтың айтуынша, өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында совхозқа қой-50 мыңға, жылқы-3000 басқа, түйе малы-1000 басқа жетіп, совхоз мемлекетке жыл сайын 15-20 мың дана қарақөл елтірісін, 3000-4000 центнер ет, 1200-1500 центнер жүн өткізіп тұрлаты. Сондай-ақ әр жүз аналықтан 110-115 қозы алуға қамтамасыз етілті.

Мұндай табьсқа жетуде мал шаруашылығының мыйталемандары атап айту болсақ, Ағытай Иманбаев, Мақтаей Төлегенов, Орынтай Әжімбеков, Құндызбай Құлақметов, Сегізбай Смайлов, Ерман Бөйімбетов, Көшербай Қарым-саков, Бертай Кәрібаев, Тәхтай Көшекбаев, Ондабай Табанов, Артепбек Бодыков, Сәндібек Рахметов, Айтбай Сартов, Нәрібай Бекназаров, Ахмет Құлтасов, Аяған Әлдіев, Төлейбай Байнаев, Әмірзақ Сағындыков, Тұрман Оралов, Аманкелді Құрақбаев т.б. екінші тың ерлері үлестерін қосыпты.

Жылқышылар: Хамит Ескайев, Жорабек Тұрманов, Бертай Қалилаев, Кеңес Тәжбенов, Тоғызбай Жарболов, Ахметбай Алданазаров, Қағкабай Байтаңтаров, Нұрмағанбет Аяғанов, Серікбай Елеуішов, Аяған Тұрмаханов, Мұқан Өткелбаев, Мамыртай Әлмырзаев т.б. түйекештер: Достанбай Мысаев, Тілеубай Салықбаев, Сабырбай Баетов, Сейсен Бәрібасов, Әлмеш Әзмахановтар мал басын молайту жолында қажырлықпен еңбек етіпті.

Сондай-ақ ер кезеңдерде ферма меңгерушілері: Дауылбай Сыздықов, Байжігіт Әбдіқалиев, Сәден Ағатаев, Жалғасбай Сағымбаев, Омық Бұйраев, Барлыбай Табанов, Әмірзақ Ильясов, Бегей Еспанов, Байділдіа Сәрсенов, Әбуазр Әзмаханов, Амантай Ахметов, Әшім Сәдуақасов, Ғабит Исмайлов т.б. түрлі шаруашылық жұмыстарын жүргізіп, ерөн еңбек сіңіріпті. Сонымен бірге мал шаруашылығының мамандары, сауда, мәдениет, білім, байланыс, денсаулық сақтау салаларының қызметкерлері халыққа қалтқысыз қызмет жасапты. Совхоздан атрылып «Еңбек ерлері» шықпаса да, ел сенім артқан халық қалаулылары аудандық, облыстық Советтердің депутаттары, кеуделерінде медаль-орден жарықарған ма- мандар мен мыйталман малшылар баршылық болыпты. Шоландар: Қойшығұл Ағатаев, Бақтығұл Ақпанбетов, Құндызбай Құлақметов, мұрал Спамбет Ақпанбетов облыстық Советке депутат болып сайланыпты. Әр жылдары совхозға директор болып басшылық еткен азаматтардың

есімдері, еп басқарудағы өнегелі еңбектері мен адами қасиеттері халық арасында құрметпен айтылып жүргендігі кітапта айқын жазылыпты.

Осы тұста еңбек ардагері Құндызбай Абылбаевтың жазбасын оқып көрейік: «Бестам» мал бордақылау аңысында 2-3 агрегат кезекпен тәулік бойы жұмыс істеп тұрды, онан басқа 8-9 жерде «ДКУ-агрегаты» жоңышқа шөбін тұрайтын еді. Соның арқасында Жаңадария совхозының малы наурыз айының аяғына дейін ешқандай шығынға ұшырамайтын. Сондай-ақ өз ісінің білгірі, ұқыпты, жауапкершілігі жоғары, берген уәдесін, алған міндеттемесін орындайтын, тәжірибелі шоландар аз болған жоқ. Атап айтқанда, №1 фермада: Абланов Әлмағанбет, Итенов Жүргенбай, Байнаев Төлебай, Арапбаев Жәкебай, №2 фермада: Әлімбетов Жетпісбай, Аялов Жаппас, Қызбалев Серік, №3 фермада Ісембеков Кеңшілік, тағы басқа көптеген өз ісінің шеберлері, мыйталман шоландармен бірге жұмыс жасадық. №4 фермада жылқышылар: Қалилаев Бертай, Қарымсаков Өрікбай т.б., түйекештер: Тұрмағанбетов Аяған, Тілеубаев Ұзан сияқты азаматтар еңбек етті. Совхозда №1 ферманы Сыздықов Дауылбай, Ильясов Әмірзақ, Әзмаханов Абуазр, Сәдуақасов Әшім, Нұржанов Зейнебек, Ахметов Амантайлар басқарды; №2 фермада Ағатаев Сәден, Имайлов Ғабит, Исаев Егізбай; №3 фермада Бұйраев Омық, Табанов Барлыбай, Сағымбаев Жалғасбай, Байкенеев Дүзелбай, Еспанов Бегей сияқты азаматтар басқарды; №4 фермада меңгерушілер: Әбдіқалиев Байжігіт, Тайшыбаев Бөкен, Азмаханов Абуазр, Бұйраев Омық, мал дәрігерлері: Нұржанов Зейнебек, Азмаханов Абуазр, Әжімбеков Орынтай, Нұржанов Ысқақ, Рысбаев Тоқсейіт сияқты азаматтар жұмыс істеді. Бұл азаматтар таза жұмысқа берілген, өз істерінің кәсіби маманы ретінде өздерін көрсеткен азаматтар еді,- деп еске алды.

Бұл бөлімдегі Біржан Көштаев, Сүйлемін Абдуллаев, Есенәлі Толыбай, Шағанбек Төлегенов, Рүстембек Көшербаев, Бауыржан Шамшат, Ө.Әбдиев, Әбзи Елемесов сынды азаматтардың жазбалары ауыл тарихынан көп нәрсені хабардар етеді.

Сондай-ақ Мүлкүлән, Ильяс, Мақсұм, Байлауқөл, Шойбас байдың кесенесі, орта ғасырдағы Ігенбай қалашығы, Мортұқ қалашығы Талқанбай кесенесі, Саңқай мұнарасы, Сары Ишан кесенесі, Сәтбай кесенесі, Ескі Құмқала қалашығы, Жаманқара мұнарасы, Жомарт мұнарасы, Бітім мұнарасы, Айқожа кесенесі, Елемес кесенесі жайлы жазбалар мен зерттеулер оқырманды бей-жай қалдырмасы анық.

Екінші бөлім, «Еңбек адамдары, екінші тың ерлері» делінген. Мұнда әр жылдары совхоз директорлары болып жұмыс атқарған азаматтар жайлы деректер жазылыпты. Енді оларды оқырманға таныстырып кеткіліп тұрғандық.

Бірінші директор-Жүсіп Бисариев. Ол 1963 жылы Сырдария ауданының №17 ауылында дүниеге келген. 1931-1933 жылдары Жамбыл қаласындағы теміржол училищесін бітірген. 1941-1943 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1943-1946 жылдары облыстық партия комитетінде ескери білімнің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.1946-1947 жылдары Қазалы аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1947-1949 жылдары Арал аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1949-1951 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде оқуда, 1951-1953 жылдары Арал аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1953-1964 жылдары Сырдария аудандық Советі атқару комитеті председателинің орынбасары қызметінде болған.

1964-1969 жылдары Жаңадария совхозының директоры болып жұмыс жасаған.

Екінші директор-Асанбек Оспанов 1927 жылы Көкжиде ауылында өмірге келген. 1949 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың тарих факультетіне түсіп, оны 1953 жылы бітірген. Сырттай оқып, 1963 жылы Қазалы қаласындағы ауыл шаруашылық техникумын бітіріп, зоотехникалық білім алған. Еңбек жолын 1949 жылы Тереңөзек ауданы, Көкжиде ауылдық советінде секретарлықтан бастаған, сосын 1953-1959 жылдары Тереңөзек ауданында «Шан-дайкөл» мектебінде оқытушы, «Шымбөгет» орта мектебінде директор, аудандық оқу бөлімінде мектеп инспекторы. 1959-1962 жылдары ҚКП Тереңөзек аудандық партия комитетінде нұсқаушы, 1962-1964 жылдары Тереңөзек ауданының Ленин атындағы колхозында партком секретары, 1965 жылы қаңтар, тамыз айларында ҚКП Жалағаш аудандық комитетінде нұсқаушы, 1965 жылдары Коммунизм совхозында партком секретары, 1968-1978 жылдары Жаңадария совхозының директоры.

Ол кезде шаруашылықтарда атқарылатын жұмыстардың барлық түріне алдын ала бесжылдық жоспар жасалынатын. Соған сәйкес бұл шаруашылық тоғызыншы және



БІР АУЫЛДЫҢ ТАРИХЫ

оныншы бесжылдықтардың халық шаруашылық жоспарларының барлық түрінен толығымен орындап отырды.

Мәселен, совхоз тоғызыншы бесжылдықтың қорытындысында мемлекетке 13995 центнер ет, 4147 центнер жүн, 71562 дана қарақөл елтірісін тапсырса, онының бесжылдықтың қорытындысымен мемлекетке 18174 центнер ет, 4715 центнер жүн, 78225 дана қарақөл елтірісі өткізілді.

Сол сияқты тоғызыншы бесжылдықта орта есеппен жыл сайын 22700 қозы алына, онының бесжылдықта орта есеппен жыл сайын 23000 қозы алынды.

Сондай-ақ совхозда тоғызыншы бесжылдықтың соңында қойдың саны 37750 басқа жетсе, онының бесжылдықтың аяғында қойдың саны 38808 басқа жеткен еді. Төл алу жұмыстары да төрт-түлік малдан жоспарға сай орындалып отырды.

Үшінші директор-Біржан Көштаев 1937 жылы 5 қаңтарда Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, №23 «Ақбұйдақ» ауылдық кеңесі, Үлгі колхозында, колхоз бригадирінің отбасында дү- ниеге келген (қазіргі Қалжан ахун ауылы). 1955 жылы аудан орталығындағы М.И.Калинин атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Қазалыдағы мал дәрігерлік-зоотехникалық те- хникумына түсіп, оны бітірісімен жолдамален барып Алматы облысы, Ақсу ауданы, Қызылтап қой совхозында бөлімше мал дәрігері, аға мал дәрігері қызметін атқарған.1963 жылы сәуірде партия мүшесіне кандидаттыққа қабылданып, сол жылы Ақсу ауданының іргесінде бес колхоз бірігіп Ш.Уәлиханов атындағы совхозға комсомол комитетінің хатшысы, аудандық комсомол комитетінің бюро мүшесі болып сайланған. 1965 жылы Ақсу апарткомында, содан соң Жалағаш апарткомында нұсқаушы, «Еңбек Қызыл Ту» орденді Коммунизм совхозында белгіленген кейін Ақсу совхозында партия комитетінің хатшысы қызметтерінде болған. 1978-1982 жылдары Жаңадария совхозының директоры.

Тәжірибесі мол ысылған саяси басшы ретінде танылған ол шаруашылықты қабылдап алғанда, мұнда 40 мыңнан астам қой, 3300-дей жылқы, 246 түйе, 760-тай мүйізді ірі қара малы бар болатын.

Сонымен ол совхоз өндірісіне басшылық жасаған күннен бастап, сан-салалы жұмыстармен аралысып жүріп, ауыл шаруашылығы өндірісін өрге бастырудың жауабын іздеп тауып, іске кіркен еді. Соның нәтижесінде шаруашылық бірі-екші жылдың ішінде жылды зиянмен аяқтауды қиытды. Ол совхоздың басқарған бес жыл ішінде шаруашылықтың қай саласында болмасын ілгерілеушілік басым болды.

Әсіресе, малшылардың мәдени-тұрмыстық жағдайларына тұрақты назар аударудың арқасында ол басқарған жылдары малшылар үшін 3көңіл үй салынып, іске берілді. Аққолға елді мекені көп көтерді. Мұнда да малшылар үшін 17 тұрғын үй, клуб, кітапхана, кенсе, мектеп-интернат салынып, жақсы бастамалар жүзеге асырылды. Қызылқұмның ішіндегі осы Аққолға елді мекеніне совхоз орталығынан ұзындығы 53 шақырым болатын электр желісі тартылды. Бестам мал бордақылау пункті ұйымдастырылып, құрама жем цехы іске қосылды. Мортұқ телімінен 17 қайшылық қыркым пункті, 40 мың қарақөлді өңдеп дайындайтын кешен, 100 орындық жатақхана, асхана, наубайхана және басқа да мәдени-көпшілік құрылыстар салынды. Сондай-ақ Қызылқұм мал жайылымында жаңадан 12 скважина қазылып, 13

ұрықтану пункті пайдалануға берілді.

Совхоз орталығын көркейту-көгалдандыру жұмысы да басты назарда болды. Соның нәтижесінде Шіркейлі кеңшары тұсындағы Ақтам тоспасынан совхоз орталығына дейін канал қазылып, тартылды. Сонымен совхоз орталығының аяқ су мәселесі біржола шешілді. Ауыл тұрғындары бұл каналдың игілігін бүгінгі күнге дейін көріп отыр. Әсіресе, Жаңадария-Ақарық тас жолының салынуы да ауыл тұрғындары үшін үлкен жаңалық болды.

Бір сөзбен айтқанда, ол совхозды басқарған бес жыл ішінде совхоздың мәдениеті мен экономикасы едәуір көтеріліп, мал басы барлық түліктердің өсіп, қой саны 50 мыңға жетіп, совхоз облыстағы іргелі, алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың қатарында болды.

Төртінші директор-Нәжімадин Ысқақов 1934 жылы 6 қарашада Қармақшы ауданы, Ақжар ауылында дүниеге келген. 1953 жылы «Бестам» орта мектебін бітіргеннен кейін шаруашылық өндіріс орындарында жұмыс істеп, 1955-1960 жылдары Алтай өлкесінің Барнаул қаласында ауыл шаруашылығы институтын зоотехник ма- мандығы бойынша бітіріп шыққан. 1965-1971 жылдары Қармақшы аудандық өндірістік басқарма бастығы, 1971-1978 жылдары Қармақшы ау- дандық советі атқару кеңесінің төрағасы, 1981-1982 жылдары облыстың ауыл шаруашылық өнімдерінің сапа және сараптау инспекциясының

бас инспекторы, 1982-1985 жылдары Жалағаш ауданы Жаңадария совхозының директоры.

Бесінші директор-Сахи Тұрсынбаев 1947 жылы 7 ақпанда Жалағаш ауданы, Жаңаталап ауылында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң Қызылордадағы медициналық училищесінің фельдшерлік бөлімін, Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын зоотехник мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Қалалық ауруханада, Ақжар ауылдық ауруханасында фельдшер болған.

Бұдан кейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында жоспарлау бөлімінде аға зоотехник, Тереңөзек ауданының Қаз ССР-нің 50 жылдық атындағы совхозда мал шаруашылығы цехының бастығы, бас зоотехник, 1985-1991 жылдары Жаңадария совхозында директор болып қызмет жасаған.

Алтыншы директор-Балғабай Имашев 1947 жылы 16 қаңтар айында Жалағаш ауданына қарасты Мақпалкөл ауылында дүниеге келген. 1964 жылы 1 май орта мектебін бітірген. 1964-1965 жылдары Жаңаталап совхозында трактор жүргізушісі болып еңбек еткен. 1965-1970 жылдар аралығында Алматы зоотехникалық мал дәрігерлік институтында білім алып, зоотехника мамандығы бойынша бітіріп шыққан. 1970-1974 жылдары Жаңаталап совхозында аға зоотехник, 1974-1975 жылдары Ақжар совхозында бас зоотехник қызметтерін атқарған. 1975-1978 жылдары Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болып еңбек еткен. 1978-1981 жылдарда Коммунизм совхозының партия комитетінің хатшысы болған. 1981-1985 жылдары Жалағаш аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болып еңбек еткен. 1985-1988 жылдары Жалағаш совхозының директоры, 1988-1991 жылдары Халық депутаттары Жалағаш аудандық Советі атқару комитетінің төрағасы болып сайланған. 1991-1995 жылдары Жаңадария совхозының директоры.

Жетінші директор-Шағанбек Төлегенов, сегізінші директор-Манарбек Еспанов болған еді. Сонымен қатар бұл бөлімде «Ұшқыр ойлы, кеңпейіл азамат еді», «Жарқын істер жалғасын тапқан жылдар», «Дара тұлға азамат еді», «Тығырықтан жол тапқан», «Ауылды дамытуға атсалысқан азамат», «Тұғыры биік тұлға», «Еңбегімен әр күрметіне бөленген», «Қалдырған ізім мәңгілік», «Ұлағатты ұстаз», «Қыран қияға саймайды», «Ауылдан осындай азаматтар шыққан», «Мал маманы», «Малды ауылдың май талманы», «Шопан Махатай», «Орденді Шопан», «Депутат Шопан», «Коммунист туралы әңгіме», «Артепбек», «Озат Шопан жайлауда», «Айтбай алар асу көп», «Туған жерді түлетті» атты жаз- балар арқылы сол дәуірдегі ауыл өмірінен, совхоз өмірінен мол мағлұмат алуға болады. Бұл да басқа ешпес тарих беттері болып қалары анық.

Үшінші бөлім «Өмір жолы өнеге» деп аталыпты. Оқып отырсақ, шынында да бұл бөлімде өмірлері өнеге болатын адамдар жайлы жазылған екен. Совхоздың өмір сүрген жылдары ішінде оның экономикасы мен мәдениетінің өсіп-өркендеуіне, басқа да тыныс-тіршіліктерінің қалыптасуына олардың сіңірген еңбектері барынша айтылыпты. Бөлімдегі еңбек жолын баяндайтын мұндай мақала 218 адамға арналыпты. Оның үстіне елді мақалалар сол азаматтардың суреттері мен жарияланыпты. Мұның өзі кітаптың құнын көтеріп тұрғанды.

Бұл әңгіме етіп отырған адамдардың ішінде өз заманының еңбек оазаттары: шоландар, жылқышылар, түйекештер, механизаторлар, құрылысшылар, шоферлер және де басқа салалардың еңбек адамдары бар.

Сонымен қатар әр жылдары совхозда партия комитетінің секретарлары болған Жұмаш Қойшығұлов, Әбілқасым Әмзөбаев, Жолдас Жармаханов, Кәсіподақ Комитетінің председатели Дүкенбай Сейітбаев, Шәмшат Нұрмаханов, бас инженер болған Құрманғали Тәттібаев, бас экономист болған Қойшыбай Райымбеков, Сал- данбай Мырзабеков, бас зоотехник болған Құн- дызбай Абылбаев, бас мал дәрігері болған Жаныбай Назаров, Айтмағанбет Әбетов, бас бухгалтер болған Ыбаш Жаңашев, ауыл совет председатели болған Шермағанбет Нұрмаханов мектеп директорлары болған Қали Аятулы, Қасым Өтегенов, Өлтай Пірманов, Нағима Жанабасева және басқалар жайлы деректермен таныса аласыз.

Төртінші бөлім «Суреттер сыр шертеді» деген атты иеленіпті. Өткен мен бүгінді байланыстыратын бұл суреттердің де атқаратын рөлі ерекше. Өйткені сол суреттер арқылы өткен дәуірді кино кадрындай көз алдына елестетуге тура келеді. Сол себептен де бөлім өз рөлін атқарып тұр-ау,-деп қаласыз.

Бесінші бөлім «Жыр арқауы-Жаңадария» деп жазылыпты. Бөлім:

Құн етіп, жылдар жылжып бара жатыр, Өзгеріп, жаңағұда заман ақыр. «Елу жылда ел жаңа» толды бүгін, Жаңадария ауылына жарты ғасыр. Ағайын құтты болсын, қош келдіңдер, Той-тойға ұласуда ұлан-асыр,-деген өлең жолдарымен басталыпты. 162 жыр жолдарынан тұратын толғаудың авторы, ақын Серік Бертаев.

Сол сияқты Төрөбек Ерсұлтанов, Ерсұлтан Қойшығұлов, Рүстембек Көшербаев, А.Рахметов сынды азаматтардың шығармашылықтарына кеңнен жол беріліпті. Бөлімнің беделін көтеріп, ажарын келтіріп тұрған талантты ақын Зордан Салықбаевтың «Жаңадария» атты өлең жолдары екенінді айрықша атауға тиістімін. Сондықтан да оның өлеңін толықтай оқып көрейік:

Жоқ оның тау-тасы да, жартасы да, Түспеген дүние жуы қартасына. Емес ол Терек селді тау өзені, Ағарды құм жоталар ортасында. Бір кезде өзен еді тасып аққан, Алтығып арнасынан асып аққан. Жоғалды құмға сіңіп, құтысын. Біле алмай тұлай жаныңан басы қатқан. Сұт ақтай Жер-Ананың емшегінен, Көл болды көздің жасы ел шерінен. Су үшін тамшылаған маңдай тері, Асып кетті теңіздің мөлшерінен. «Су, су!» деп жағалауы шұлап кетті, Шөл өсті көрінбейтін ат құлағы. Құс біткен аспандағы құлап түсіп, Жердегі аң көз көрместей аулақ кетті. Тек бабам туған жерін тастамады, Қалмады құм көзуден басқа амалы. Тамсанды, тапықсынды, құдық қазды, Тәңірінің түзепер деп қас-қабағы. Ай өтті, жылдар өтті, заман өтті, Бабалар тұр қыспақтан аман өтті. Даламды дабылдатып дауыл өтті, Сол дауыл ала келді жаңа лепті. Мөлдір су фонтан болып атқылады, Шөл өсті көрінбейтін ат құлағы. Баяғы ақ бөкені келді қайтып, Ауылым –бақ мекені, бақ тұрағы. Тағы да Жаңадария тасып ақты. Алтығып арнасынан асып ақты. Ал, оған жан бітірген, қан жүгірткен, Құлдасым жырымасыншы Ғасыр атты. Таразылай келгенде «Жаңадарияға–50 жыл толуына байланысты «Қызылқұмды түлеткендер» кітабы өз мекесіне жеткен деуге болады. Кітап авторы, ақын Серік Бертаевқа бұл орайда оған рахметтен басқа айтарымыз жоқ. Себеіп, кітап жазу оңай шұраа емес.

Осы кітаптың шығуына басты ұйымдастырушы болған ауданның Құрметті азаматы Біржан Көштаев мырза маған берген кітабында былай деп жазыпты:

ҚҰРМЕТТІ ШӨКЕ! Кітап шығару қиын екен. Оның қаржысын төлеу одан да қиын. Дегенмен жоқтан бар құрап, кітап нұсқасын қаладық. Көперсіз.

15.12.2015 жыл. Мен де кітапты оқып шыққаннан кейін, ойға түйгенімді жазбаға түсіріп, өмірге жаңа кітап келгенін оқырман қауым білсінші деген мақсатпен мақаламды газет бетіне жариялауды жөн санаймын. Өйткені бұл кітапты бір ауылдың тарихы деуге болады. «Жақсы кітап–жан азығы» деп бекерге айтылмаса керек.

Бейнесін бізден алыстатқан сайын сағынышымызды да еселей түседі. Әкеміз Бұқарбай батыр ауылында қойма меңгерушісі болған. Аномас Құлайша әкеуі 5 ұл, 3 қыз өмірге өкеліп, ер жеткізді. Бүгінде барлығы азамат болып, әр салада еңбек етіп келеді. Оның балаларына деген мейірімді жүрегі, қамқор көңілі, дос-жаран, ағайын-туыс арасындағы азаматтық бейнесі, парасатты мінезі жүрегімізде мәңгі сақталады. Ендігі жерде көрмей кеткен қызығынды барша тілеулес жандарға бұйыртысын деп Төңірден тілейміз. Жатқан жеріңді Алла тағала Құран нұрымен нұрландырсын. Жаның жәннаттың төрінде болсын.

Ажал неткен қатал едің, қатты едің, Табылар ма, осындай бір шақта өмім. Қайран өке, аман болсаң арада, Жүрер едің көмеңгерлік шаққа еніп.

Асыл өке, көркем мінез жіғарың, Көңілімізден сөнбес асыл дидарың. Жұмағынан жай сыйласын жаратқан, Мәңгілікке жолдас болсын шаманың.


Еске алушылар: жұбайы Күләйша, ұл-қыздары, немерелері.

Адам денсаулығы – табиғаттың ең қымбат жемісі. Көп жағдайларда сол денсаулықты сақтап алмай келе жатырмыз. Ағзамызға зиянды өрекеттердің әсерінен түрлі ауруларға шалдығатынымыз да жасырын емес.

АИТВ – адамның қорғаныш тапшылығының вирусы-ағзаны әр түрлі жүйелерден (инфекциялардан) қорғайтын қорғаныш жүйесін зақымдайды. ЖИТС – жұқтырылған қорғаныш тапшылығын синдромы – АИТВ-мен байланысты тұнбайтын сырқат. ЖИТС деген АИТВ жұқпасының соңғы сатысы. Бүгінгі таңға дейін АИТВ / ЖИТС-тен толықтай айықтаратын дәрі-дәрмек табылған жоқ және бұл індеттің алдын ала егетін вакцина

МӘДЕНИ МҰРА

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ШЫҒЫСЫНДАҒЫ СЫРДАРΙΑ ӨЗЕНІНІҢ ЕЖЕЛГІ АРНАЛАРЫНЫҢ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ КЕҢ БАЙТАҚ ЖАЗЫҚ ДАЛАСЫ АЛУАН ТҮРЛІ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ. ОЛАРДЫҢ КӨПШІЛІГІНІ ТІРШІЛІК МЕРЗІМІ Б.Д.Д. ІІ-ШІ МЫҢЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ –Б.Д. І-ШІ МЫҢЖЫЛДЫҒЫНЫҢ БАС КЕЗІНЕ ЖАТАДЫ. СЫРДАРІЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ АРНАЛАРЫ–ІҢҚӨРДАРІЯ МЕН ЖАҢДАРІЯ БОЙЫНДА ШІРІК-РАБАТ МӘДЕНИЕТІН ҚҰРУШЫ АПАСИАҚ ТАЙПАСЫНЫҢ САҚТАРЫ МЕКЕН ЕТКЕН ЕЖЕЛГІ ҚОНЫСТАРДЫҢ ОРЫНДАРЫ МЕН ЖЕРЛЕУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ ОРНАЛАСҚАН. ҚАЗІРГІ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ АҚҚЫР АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІНІҢ КӨЛЕМІНДЕГІ БҮЛ ЕСКЕРТКІШТЕРГЕ КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК АРХЕОЛОГ ҒАЛЫМДАР ҮЛКЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТЫП КЕЛЕДІ. СОНДАЙ БІРЕГЕЙ АРХИТЕКТУРАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ БІРІ–РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР БАЛАНДЫ ІІ КҮМБЕЗДІ КЕСЕНЕСІ МЕН ЖЕРГІЛІКТІ МАҢЫЗЫ БАР ТҮГІСКЕН (ТАГИСКЕН) ҚОРЫМЫ.



Соңғы қола және ерте темір дәуірлерінің көрнекті археологиялық ескерткіштерінің бірі–Түгіскен қорымы. Сырдарияның ежелгі арналарының бірі Іңқөрдәрия өзенінің (Жаңадария өзенімен түгіскен тұсы) оң жақ жағалауында жатыр. Жалпы саны 70–80-нен астам үлкен және кішкене обалар өзеннің кепкен арнасын бойлай отырып, жалпы көлемі 400 метрге жуық алаңның ішінде орналасқан.

Аталған ескерткіш 1953 жылы профессор С.П.Толстов жетекшілік ететін Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (ХАЭЭ) ғалымдарының үшкөптен барлау жұмыстары негізінде ашылып, негізгі археологиялық қазба жұмыстары 1959–1963 жылдар аралығында жүргізілген. Алғашқыда тек 11 нысан ғана табылып, кейіннен По-2 маркалы ұшақтың үстінен түсірілген аэрофототүсірілімнің негізінде олардың жалпы саны 70-тен астам екендігі анықталды. Археологтар бұл археологиялық нысандарды екі топқа, яғни біршама шағындау солтүстік топқа (барлығы 11 ескерткіш) және қалған ескерткіштерді қамтитын оңтүстік топқа ажыратты.

Орналасу тәртібі бойынша ғана емес, хронологиялық тұрғыдан да екі бөлек уақытқа қарасты болғандықтан, тарих ғылымында бұл екі топты Солтүстік Түгіскен және Оңтүстік Түгіскен деп атау қалыптасқан.


Б.д.д. IX–VIII ғасырлардағы соңғы қола дәуірінің аса көрнекті ескерткіші Солтүстік Түгіскендегі жерлеу құрылыстары қам кесектен салынған көлемі үлкен кесенелердің құландылары түрінде сақталған. Бұл кесенелер ақсуік-шоңжарлардың, ірі тайпа немесе ру көсемдерінің жерлеу орны ретінде салынған. Аталған кесенелердің маңында оларға тіркестіре, жапсарлас салынған және топ-тобымен орналасқан көлемі мен формалары әркелкі шағын құрылыстар олардың туыстарын жерлеген орындар болуы мүмкін деген болжам бар.

Олардың ішіндегі көлемі ең үлкен №6 кесененің сырты пішіні домалақ және ішкі жағы төртбұрышты (квадратты) болып келгені ең құрылымсыз. Цилиндр тәрізді орталық бөлігінің диаметрі 15 метрге жуық, қабырғасының қалыңдығы 4 метрдей. Кесене көлемі 50-60х25-30х10 см. болатын қам кесектерден қалған. Көлемі 50 кв. метр болатын төртбұрышты ішкі бөлмесінің іргесі шамамен 1,5 метрдей жерге тереңдеп қазылған.

Бұл кесене сыртынан жалпы пішіні домалақ болып келген биік ері зор қорған-дуалим қоршалған. Бұл қорған кесенеден 2 метрдей жерде алпақ орналасқан. Заманында бұл құрылыс биіктігі мен қалыңдығы үш метр болатын қабырға-дуалиммен қоршалған, биіктігі 6–8

ТУҒАН ӨЛКЕ

ескертікшітері



тоқылған кілемдер төселген. Қайтыс болған адамның мүрdesі сол жерге жатқызылып, салт-жоралғылар өткізілген соң өртелеп отырған. Осы ғұрпыты атқару кезінде бүкіл ғимарат өртелген. Ғимараттың бұдан әрі қалай сақталғаны әзірге белгісіз болып отыр. Археологиялық қазба жұмыстары бүкіл құрылыстың отқа оранып, ағаш жабындылары түгелдей жанып кететінін көрсетті.

Қазба жұмыстары барысында кесенелерден табылған заттай деректердің арасында бүтіндей сақталған 200-ге жуық құмыра, кезе, тостаған секілді қыш ыдыстар ерекше орын алады. Дені бай ою-өрнекті, өте сәнді етіп жасалған бұл ыдыстар екі топқа бөлінеді. Бұлардың көбі Орталық Қазақстанның көне мәдениеттерін бастау алатын Андронов және Бегазы-Дәндібай дәстүріндегі колмен жапсырып жасалған ыдыстар. Олардың

тереңдігі 2 метрге дейін баратын шұңқыр-қабірлер батыстан шығысқа қарай тізбектеліп созылған. Қабірдің сырты бегі ағаш бөренелермен жабылып, оның үстіне және айнала 2–5 метр радиуста қамыс төселген. Ағаш жабындыда көбіне оттың іздері анық байқалады, бірақ солтүстік топтағы кесенелердегідей мейіт пен құрылыс түгелдей өртелмеген.

Анығында, бұл жерде қабірдің үстіне от қойып, дәстүрлі шартты түрдегі рәсімін көрсеткеннен соң, оттың жанып бітіуін тоспай, сыртынан дереу топырақ үйіндімен жауып тастап отырған. (Толстов, С.П. По древним дельтам Окса и Аксарта. М., 1962. 80–85 б.б.).

Археологтар Түгіскен қорымынан қару-жарақтар, ат бөзелдері мен алтыннан құйылған түрлі әшекейлерде бұғы, киік, жылқы, қабан, таутеке, арыстан, барыс, қабалан, бүркіт, түйе секілді хайуандардың бейнелері бар құнды артефактілердің көптеген түрлерін тапты. Бұл бейнелер өте табиғи, реалистік тұрғыда жасалған.

Көрнекті археолог-ғалым К.Ақышевтың пікірінше, Қазақстан территориясында зергерлік өнер біздің дәуірге дейінгі II мыңжылдықтың екінші жартысында пайда болған. Олардың жасалу техникасының жоғарылығына қарағанда, бұл өнер сол кездің өзінде-ақ айтарлықтай дамыған. Алтыннан жасалған әшекейлер әр алуан тәсілдермен жасалған: соғу, шатаптау, ою, балқыту, соғып алтындау, жылғырту секілді т.б. көптеген тәсілдер қолданылған. (К.Ақышев. Қазақстанның көне алтынны. Алматы. «Өнер», 1983. 11–12 б.б.).

Мысалы, Оңтүстік Түгіскен қорымының №53 обасыдан жұқартылған алтынға спираль секілді иреленген мүйіздері бар қошқардың ойып жасалған басының қырынан бейнеленген бедерлі бейнесі түсірілген қысқа сәмсер бағдағының қоршамаасы мен азу тістері ақсыл, қырынан бейнеленген екі қысырдың ғырғалары бар сәмсер қасының қоршама пластинасының бір фрагменті табылған.

№59 санды обадан жабайы жыртқыштардың бір қабаланның іріліп жатқан рельефті бейнесі бар шеттері сынық алтын пластина табылса, №66 санды обадан басын артқа қарай шалқайтып жатқан таутеңінің бейнесі бар алтыннан құйылған әшекей табылды. №31 және №53 санды обалардан табылған алтын әшекейлерде бір қырынан

және қарсы алдынан бейнеленген жүріп бара жатқан немесе бір орында жатқан қысқа әрі жуан мойынды арыстандардың бедерлі бейнелері құйылған.

Қазба барысында, археологтар №45 және №55 санды обалардан басын төмен қаратып, бұғып жатқан арыстан мен біріне-бірі теріс қарап тұрған екі жылқының бастарының бейнесі бар қоладан соғылған тартпаның екі тоғасын тапты. (Артамюнов М.И. Сокровище сагов // Евразийский народ сак. Алматы. 2006. 78–79 б.б.)

Сондай-ақ, археологиялық қазба жұмыстары барысында марқұмның о дүниеге алып кететін қару-жарақтарының түрлері–қысқа жүзді сәмсер (акинақ), айбалта (чекан), қоладан жасалған жебелердің ұштары мен еңбек құралдары, қоладан құйылған түрлі ат бөзелдері, қола айналар, тастан жасалған құрбандық ыдыстары, алтын сырғалар, тас және шыны ноқашақтар секілді т.б. зергерлік-әшекейлік бұйымдар көптеп табылған.

Қазіргі таңда жоғарыда аталған жәдігерлердің барлығы да Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласындағы Мемлекеттік Эрмитаж бен Мәскеудегі Мемлекеттік тарих музейінің (ГММ) алтын бұйымдарға арналған арнайы қорларында сақтаулы.

Қорыта айтқанда, Түгіскен қорымы ежелгі дәуірде аудан көлемін мекен еткен сақтардың тайпа немесе ру басылары мен көсемдерін жерлеген орын екеніне күмән жоқ. Ұрылар, от-жалын мен уақыт тез қойылған заттардың көбісін тонап-жойып жібергеннен, оның біздің заманымызға жеткен жұрнақтары да жерлеу рәсімінің қандай сән-салтанатпен өтетіндігі жайлы біраз мағлұмат береді.

Түгіскеннен табылған «хайуансал стиліндегі» колөнер бұйымдары ежелгі Жалағаш жерін сиктегі-сібірлік ән стилі аралына қосып, ежелгі дәуірде Сыр өңірін мекендеген сақ тайпаларының өлемдік өнер қазынасына зор үлес қосқандығы туралы мағлұмат береді. Сонымен қатар, Түгіскен ескерткіштерінде андронов мәдениетінің дәстүрлері айқын аңғарылады. Мұны біз барлық кесенелердің ескірткі шығысқа қаратылуынан, мәйіттің басын батысқа қаратып қойып, жерлеуден аңғарамыз. Сондай-ақ, керамикалық ыдыстардың үлгілері, олардың өрнектеу әдістері түгіскендіктердің андронов мәдениетін ұстанған тайпалар екенін дәлелдейді.

Сәулет өнері тарихында да Түгіскен қорымы Қазақстан ауымындағы этномәдени байланыстарымен өзіне көңіл аударды. Түгіскен мазарларының тұтас қабырғалары, айналымды дөліздері академик Әлкей Марғұлан тапқан Орталық Қазақстандағы Ақсу-Аюлы, Дәндібай кешендерімен өте ұқсас. Тек біріншісінде шікі қам кесек қолданылса, Сарыарқадағы құрылыстар алып тас блоктардан қалған.

Екі құрылыс та қола дәуірінің соңғы кезеңдеріне жатады. Бұған қарап біз Сыр өңірін мекендеген сақтар мен Сарыарқада жайылған сақ тайпаларының бір этникалық қауымдастықта өмір сүргенін әрі бірегей экономикалық-мәдени байланыстарда болғанын түіндіреміз. Баланды II кесенесі Жалағаш ауданы, Аққыр ауылының оңтүстік-батысында шамамен 60–65 шақырым жерде, көрші Қармақшы ауданыныңмен шекаралас далалықта орналасқан.

1960 жылы ескерткішті алғаш зерттеген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жетекшісі, профессор С.П.Толстов кесене қабырғаларының жоғарғы жақтарында сақталып қалған

кіріпшітердің көлбеу етіп қаланғанына және орталық бөлменің тура ортасында қазылған шұңқырдың орнына қарап заманында ғимараттың күмбезі болғанын анықтаған. Археологтар бұл шұңқыр күмбезді тұрғызған кезде орнатылған тіреу ағаштардың ізінің орны деген болжам жасаған.

Ғалым С.П.Толстовтың пікірінше, б.д.д. IX–II ғасырларда аудан өңірін мекендеген апасиақ тайпасының сақтары тұрғызған бұл ғимарат сол замандағы әлемдік сәулет өнеріндегі бірден-бір күмбезді құрылыс және б.д.д. I ғасырда өмір сүрген рим архитекторы Марк Витрувийдің жобасымен Рим империясының аумағында тұрғызылған күмбезді кесенелерден кемінде 200–300 жыл бұрын салынған.

Кесенені егжей-тегжейлі зерттеген ғалым өз болжамын былай деп тоқшылады: «...Наш памятник никак не может быть датирован познее, чем II веком до нашей эры. Есть основания полагать, что он был построен значительно раньше, чем в IV в. до н.э... Словом, перед нами памятник, у которого есть основание датировать ранним периодом античности. Если же он относится к IV веку до н.э., то из этого следует, что апасиакский купол был извештен еще за 200–300 лет до появления его в Римской империи...» (Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Аксарта. М., 1962. 177–178 б.б.).

Аталған кесене құрылысының жалпы пішіні дөңгелек шеңбер нысанында. Оның жалпы диаметрі 16 метр, сақталған қабырғаларының биіктігі 4,5 метрге жуық. Іргесі пахсадан, жоғарғы жағы ішкі кіріпштен қаланған. Сыртқы қабырғалары үшбұрышты күрекше іспеттес. Ғимараттың ішінде диаметрі 5,5 метр цилиндрге ұқсас төбесі күмбездене етіп жабылған ортаңғы бөлме бар. Оның сыртында айналасы көлемдері әрқелі болып келген 7 бөлме орналасқан. Бөлмелердің көлемі еңселі әрі кең, төбелері жабық. Олар радиалды қуыс-қабырғалармен бөлінген және бір-бірімен тек айналма дәліздер арқылы байланысады.

Орталық бөлменің кіреберіс есігіне қарама-қарсы қаланған бүтін бір қабырға ғимарат бөлмелерін екі бірдей бөлікке бөліп тұр. Ғимараттың сыртқы қабырғасы ішкі орталық бөлменің қабырғасынан 2,3 метрдей алшақ орналасқан. Кіреберіс есіктен кейінгі бір кең бөлме вестибюльдің ролін атқарған. Оның төрт қабырғасында арқа тәрізді етіп иіп жасалған ескірткі бар. Кесененің кіреберіс есігі портал тәрізді етіп қаланып, оңтүстік бетте орналасқан.

Заманында кесененің кейбір бөлмелерінің ішкі қабырғалары алебастр ерітіндісімен сыланған болуы керек, себебі бір қабырғаның бұрышына жағылған алебастрдың іздері бүгінгі күнге дейін сақталған. Ал қалған бөлмелердің қабырғалары сабан араласқан саз балшықпен сыланған.

1960 жылы кесенеге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кесенені ежелгі заманда-ақ әбден талап-таражақ ұшырап, тоналғанын көрсетті. Табылған материалдардың негізінде, Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының археологтары Е.Е.Неразик пен Ю.В.Стеблов орталық бөлменің жан-жағындағы бөлмелердің ең кем дегенде жартысында қабірлердің болғандығын анықтады. Археологтар орталық бөлменің ішінен қабірлердің орнын таба алмаған, сондықтан бұл жер сақ тайпасының абыздары түрлі діни жоралғылар мен әдеп-ғұрыптар атқаратын немесе гиадат өтеуі арналған орын (святлище) болуы мүмкін деген болжам жасаған.

Қазба жұмыстары кезінде кесене маңынан сүйектен жасалған түрлі салт-тұрмыстық бұйымдар, сырты алтынмен әшекейленген былғарыдан тігілген киімнің жыртындылары, темірден жасалған пышақ, мақтаматадан тігілген қызыл және сары түсті жұқа маталардың фрагменттері табылған. Аталған маталарға қара, қою-қызыл және көк бояулармен түрлі ою-өрнектер түсірілген.

Қорыта айтқанда, Баланды II кесенесі әлемдік сәулет өнеріндегі бірден-бір күмбезді құрылыс ретінде ерекшеленетін қола дәуірінің төндесі жоқ ескерткіш болып табылады және еркін антикалық дәуірде аудан өңірін мекендеген сақ тайпаларының құрылыстар архитектурасы мен құрылыс техникасының барынша дамығандығын көрсетеді.

Соның бір айғағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 21 наурызындағы №279 санды Қаулысына сәйкес Баланды II кесенесіне республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші деген мәртебе берілген.

Қанат ЖАПАКОВ,
аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері.

1960 жылы ескерткішті алғаш зерттеген Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының жетекшісі, профессор С.П.Толстов кесене қабырғаларының жоғарғы жақтарында сақталып қалған

еңбек адамдарынан алғыс алдық.

№2 ферма менгерушісі Сәден Ағытаев, Бәйділдә Серенов.

№1 ферма менгерушісі Дауылбай Сыздықов, Амантай Ахметов.

№3 ферма менгерушісі Омық Бұйраев, Барлыбай Табанов, Жалғасбай Сағынбаев, Бегей Еспанов, Көптілеп Тоқсанов.

№4 ферма менгерушісі Байжігіт Әбдіқалиев, Өбүзар Әзімханов сияқты кісілермен сырластық, дастархандас болдық. Сәден, Дауылбай, Омық, Жалғасбай сияқты ағаларымыздың маңсы сәздері мен әңгімелерін естіп, бойымызға қуат алғандай болушы едік. Аққыр жағына барғанда Ахмет Майтанов, Сәңкібай, осы күні сынықшы Зайыр, Бегман деген кісілердің сөздері жүріс тұрыстары әсіресе Сәңкібай ағамыздың саңқылдаған дауысы мен зиялы әңгімелері естен кетпек емес.

Жаңадария ауылының 50 жылдығына байланысты биыл Қазақстан Журналистер одағының мүшесі С.Бертаевтың «Қызылқұмды түлеткендер» атты еңбегі жарық көрді. Еңбек адамдарының деңсаулығын жақсарту жолында қызмет еткен ақ халатты абзал жандар да мал шаруашылығын дамытып, Қызылқұмды түлеткендерге қомақты үлестерін қосты.

Раушанбек СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, медицина саласының ардагері.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

МҮШЕЛІККЕ
ҚАБЫЛДАНДЫ

ЖАЛАҒАШ КЕНТІНІҢ ТҰРҒЫНЫ, ЖОҒАРЫ БІЛІМДІ ҰСТАЗ АРЫСТАН БАЙҚАБЫЛОВ ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ АУДАНЫҚ БӨЛІМШЕСІНІҢ ТЕОЛОГ-МАМАНЫ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРЫП КЕЛЕДІ.

Үнемі ізденіс үстінде, еңбектеніп жүретін ол жастар тәрбиесі, имандылық, тарихи зерттеу діни мәселелер жөнінде танымдық материалдар жазып жүр.

Жақында жергілікті тілшіміз А.Байқабылов Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне қабылданды. Біз қаламдас әріптесімізді қаламгерлер қатарына қосылуымен құттықтап, шалқар шабыт, шығармашылық табыстар тілейміз!

«Жалағаш жаршысы» газеті ұжымы.



Құрметті Бұзауов Қаршыбек!



Қызмет деген бір белестен өтіп, құрметті демалысқа жеттіңіз. Қуанышның ұзағынан болып, ағайын-туыстың құрметіне, немере-шеберенің күлкісіне, ұл-қыздарыңыздың жеңісті шақтарына бөленген әдемі ғұмыр кешіңіз. Сізге ыстық лебізімізді білдіріп, төмендегі жыр жолдарын арнаймыз.

**63-ке келді жарқылдап,
Қуындақық бас ұрмай,
Отбасын әуледі жайнатты,
Өсіріп ерке ұл-қызын.**

**Керемет жетік біледі,
Шаруашылық тынысын.
Тек бақпай жұртқа тіледі,
Еңбектен тапты ырысын.**

**Ізгі тілепкен: І.Қабылов атындағы
№32 орта мектеп ұжымы, Мәдениет
ауылы.**

Құрметті Қалдығұл Қаршыбекқызы!



Еңбегіңіз елпені, құрметті демалысқа шыққан қуанышың күніңіз құтты болсын! Сіз бүкіл саналы ғұмырыңызда жас ұрпаққа бірім мен тәрбие беріп еңіс арнадыңыз, елдің алдына бөлендіңіз. Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы. Ұстаздық қызметке ерте араласып, ұлағатты өмір мектебінен өттіңіз. Біз бүгін өз әріптесімізді осы бір мерейлі мұрагерімен құттықтай отырып, зор деңсаулық, мол қуаныш, ұзақ ғұмыр тілейміз. Оған деген ыстық ықыласымызды төмендегідей өлең жолдары арқылы жеткізгенді жөн көрдік.

**Бала күннен ұстаздықты қалады,
Жаны сүйді бүлдіршіндей баланы.
Шәкірттердің ертеңіне жолықпай,
Келеді арнап бар ғұмырын саналы.**

**Ұжымнанда абыройға бөленді,
Жарасымды мінезімен ұстамды.
Бүгін тойда сондай абзал ұстазға,
Әйелдің шын бақытын тілейміз!**

**Ізгі тілепкен: І.Қабылов атындағы
№32 орта мектеп ұжымы,
Мәдениет ауылы.**

**Газетіміздің келесі саны
31 желтоқсан, бейсенбі күні шығады.**

Жаңадария совхозының құрылғанына 50 жыл толуына байланысты аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің бетінде көптеген материалдар берілді. Тереңзек ауданына қарасты Іңқөрдәрия, Жаңадария өлді мекендері 1963 жылдың күзінде құрылған еді. Осы совхоздың алғашқы директоры 1964 жылдан бастап Жұп Бисариев болған. Алғашқы совхоздың құрылуы өрне көптеген қиыншылықтармен басталған.

1964 жылдың қазан айында совхоз Жалағаш ауданына қарады. Еліміз Тәуелсіз ел болғаннан бастап 1997 жылға дейін совхоздың атауы бірнеше рет өзгергені белгілі. 1967 жылдан бастап, Ақарық, Еңбек, Қазақстанның 40 жылдығы колхоздары, совхоз атауын алып, қой, жылқы, түйе малдары Жаңадария совхозына берілді. Онан кейін Қазақстанның ХХ жылдығы, Мәдениет совхозының малдары да осы совхозға өткізіліп, мал басы көбейе берді. Қайнаған еңбек, совхоздың 90 пайыз еңбек адамдары мал шаруашылығымен айналысты. Алғашқы құрылуынан бастап құрылысшылар, жылқышылар, түйешілер көбейе бастады. Осындай қайнаған еңбектің ортасында өрне адамдар жүреді. Адамдар жүрген жерде басы ауырмайтын, балттары сыздамайтын ешбір пенде жоқ. Осы орайда айтпаған сырқаттарды болдырмауға, сырқаттанған адамдарды емдеуге, қолынан келмеген жайдайда басқа жатқару жолдарына беруге дәрігер керек. Құжықын білгірліп, адамгершілігі осы тұста да

Адам мен медицина егіз

байқалған. Аудан орталығына жиналысқа келген кезінде аудандық аурухананың бас дәрігері С.У.Қалыбаевпен кенесіп, медпункт менгерушісі Түгел Хамдаев барған екен. Кейін 15 тесектік аурухана құрылысы салынғаннан кейін жоғары білімді дәрігерлер барып қызмет ете бастады. Алайда мамандар тапшылығына байланысты Аламесек ұчаскелік ауруханасына менгеруші болып барған Бейісов Қанат қатар қызмет етіп отырды. 1968 жылы Бейісов Қ. қалаға қызмет ауыстырып, орнына Дүйсеқбаев Шәймерден барып қызмет етті. Аламесек ұчаскелік ауруханасына Абдрахманов Шамшат баруына байланысты Дүйсеқбаев Шәймерден бірыңғай Жаңадария ұчаскелік ауруханасына барып қызметін жалғастырды. Кейін тіс дәрігері болып Мыңбасов Қалдыбек барды. Ербір фермаларда Б.Сыздықов, Қ.Мәліков, М.Құдайбергенов т.б. фельдшерлер қызмет етті.

Шәймерденнен кейін өнертап күйші дәрігер Тасболат Жаңадария халқына өнерімен де, емшіллігімен қажетсіз қызмет етті. Тасболаттан кейін Жәнібай Назаров Әбдраманов Темірхан жубайы Досжанова Липа біраз қызметтерін атқарды. Ауруханадағы медбикелер, оттондағы фельдшерлер аябай қызметтерін көрсетті. Сол 70-80 жылдарда елімізде халық шаруашылығының

қайсыбір саласы болсын жоспардағы көрсеткіштерден анағұрлым асып түсу бағдарламалары жасалынып, рекордтар саны көбейе түсті. Осы дәуірлерден медицина қызметкерлері де қалыс қалған жоқ. Егін басындағы жүздеген дала қостары медицина қызметкерлерімен жасакталса, мал шаруашылығы науқанымен қоса мал азығын дайындауға, жүн қырқымы, қой төлдету, қора тазалау жұмыстарына белсене қатысқан медицина қызметкерлері жұмыстың қай саласы болмасын қалыс қалған жоқ.

Оның үстіне екінші тың игерушілер қатарына жатқан балшылыр қауымына медициналық қызмет көрсету дәрежесін арттыру мақсатында аудандық бас дәрігер С.У. Қалыбаевтың ұйымдастыруымен Қарқұм, Қызылқұмдағы еңбек адамдарына дәрігерлік көмектің сапасын арттыруда көптеген мамандармен жасакталап, бригада жылда көктемде, күзде малшылар арасында болды. Бригада да рентген аппаратынан бастап, дәріхана